

FTAXP 06.75.19  
ӘОЖ 338.439.63.053.3  
JEL D51

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-1-24-35>

**О.А. АЛИПБЕКІ,<sup>1</sup>**

б.ғ.д., профессор.

e-mail: oalipbeki@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-6205-0490

**Д. ЖЕНСХАН,<sup>\*1</sup>**

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

\*e-mail: azan\_tanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2863-2611

**Р.Т. ТУРЕКЕЛЬДИЕВА,<sup>2</sup>**

б.ғ.к., доцент.

e-mail: rimm\_1205@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-650-0005

**Т.Е. КАРБОЗОВ,<sup>1</sup>**

э.ғ.к., доцент.

e-mail: Tolegen\_1964@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3089-9291

<sup>1</sup>С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
Астана қ., Қазақстан

<sup>2</sup>М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
Тараз қ., Қазақстан

## **АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІН ҚАЙТА ӨНДЕУШІ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

### **Андатпа**

Азық-түлік жүйесінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі адамдардың өмір сүруіне қажетті әлеуметтік-экономикалық факторларға тікелей әсер етеді. Зерттеудің мақсаты – Қазақстанның тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарындағы өзекті мәселелерге ғылыми зерттеулер жүргізе отырып, оны дамытудың және тиімді ұйымдастырудың негізгі тетіктерін ұсыну. Еліміздегі өңдеуші кәсіпорындардың дамуының қазіргі жай-күйін талдау мақсатында статистикалық-экономикалық, талдамалық, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Алынған нәтижені қорытындылау мақсатында талдау, жүйелеу, монографиялық, тәсілдер қолданылды. Мақалада Қазақстанның 2016–2022 жж. әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына, 2016–2022 жж. әлеуметтік маңызы бар өнім түрлеріне баға талдауы жүргізілді. Жан басына шаққандағы өнім өндіру көлемі мен жан басына шаққандағы азық-түлік тұтыну нормасы арасындағы айырмашылықтар зерттелді. Сонымен қатар, алдағы жылдардағы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешудің мүмкін жолдары қарастырылды. Халықты әлеуметтік маңызы бар азық-түлік түрлерімен толықтай қамтамасыз ету үшін өңірлердің мамандану деңгейін ескере отырып, мемлекеттің қолдауымен қайта өңдеу кәсіпорындарының жұмысын нығайту маңызды. Бұл ұсыныс елімізде бір мезгілде бірнеше проблемаларды шешуге мүмкіндік береді: өнім сапасын арттырып, баға тұрақтылығын қалыптастырудағы бірегей құрал, ішкі нарықтағы отандық өнімдердің үлесін арттырып, экспорттық әлеуетті ұлғайтады, ауыл тұрғындары үшін тұрақты табыс көзін қалыптастырады, фермерлер мен шағын шаруашылықтар үшін делдалдарсыз, өнімдерін тиімді бағада өткізудің тиімді әдісі, ауыл шаруашылығы мамандары үшін ғылым мен өндірісті байланыстырудың жоғары мүмкіндігі.

**Тірек сөздер:** азық-түлік қауіпсіздігі, тұтыну, қайта өңдеу, азық-түлік, отандық өнімдер, экспорт және импорт.

## Кіріспе

Бүгінгі таңда азық-түлік қауіпсіздігі басты жаһандық проблема болып табылады. COVID-19 пандемиясы әлем бойынша азық-түлік жүйесінің осалдығын көрсетіп, қоғамдағы теңсіздікті одан әрі арттырды [1]. Украинадағы жалғасып жатқан соғыс жеткізу тізбегін бұзады және астық, тыңайтқыш және энергия бағасына одан әрі әсер етеді. Бұл жағдайлар 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында азық-түлік бағасының одан әрі өсуіне әкелді. 2022 ж. 2019 жылмен салыстырғанда әлем бойынша азық-түлік тапшылығына тап болған адамдардың саны 135 миллионнан 345 миллионға дейін өскен [2]. Дұрыс тамақтануға мүмкіндігі жоқ адамдардың саны 112 миллионға өсіп, шамамен 3,1 миллиардқа жетті [3].

Жаһандық азық-түлік тапшылығымен күресу мақсатында барлық мемлекеттер өзіндік деңгейде шараларды жүргізуде [4, 5]. Қазақстан өзінің ауыл шаруашылығы әлеуетін арттырудың түрлі шараларын қарастыруда. Себебі, Қазақстан үшін аграрлық сектор елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Ауыл шаруашылығы саласы мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен маңызды стратегиялық құжаттар, пилоттық жобалар мен нормативтік-құқықтық актілер аясында бірқатар табыстарға қол жеткізді.

Елдің жалпы ішкі өнімінің құрылымында ауыл шаруашылығы 2022 жылдың 9 айында 5,3%-ды құрайды, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,2%, 2019 жылмен салыстырғанда 0,9% жоғары [6]. Демек, жыл сайын ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі біртіндеп артуда. Бірақ, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда бұл көрсеткіш төмен. ЖІӨ ауыл шаруашылығы үлесінің ең жоғары көрсеткіші 1999 ж. тіркеліп, 9,9% құрады. 2012 ж. ең төменгі көрсеткіш 4,2% құрады. Осы жылдан кейін ол біртіндеп көтеріліп, 2020 ж. 5,4%-ға жетті. Өкінішке орай, бұл көрсеткіш бойынша тұрақты өсім сақталмады, 2021 ж. ол қайтадан төмендеп, 5,1% көрсетті. Ауыл шаруашылығы секторындағы мұндай тұрақсыздық азық-түлік өнімдерінің бағасының тұрақсыздығын қалыптастырады және бағаны бақылау мүмкіндіктерін шектейді. Нәтижесінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 2022 ж. 2021 жылмен салыстырғанда 22,7% қымбаттады, бұл 2021 жылғы сәйкес кезеңнен 12,8% жоғары (кесте 1, 27 б.).

Өнім бағасының тұрақтылығын сақтау үшін еліміздегі қайта өңдеу кәсіпорындарының жұмысын тиімді ұйымдастырудың маңызы зор. Атап айтқанда: оларды шикізатпен толық қамтамасыз ету, олардың өндірістік қуатын толық пайдалану, ескірген технологияларды жоғары өндірістік шығындармен, өнімділігі төмен инновациялық технологиялармен алмастыру, импорттық өнімдер мен шикізатқа тәуелділікті болдырмау, шағын шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік сауаттылығын арттыру, тұтынушыларды азық-түлік өнімдерімен толық қамтамасыз ету үшін шағын кәсіпорындарды кооперативтерге біріктірудің маңызы зор. Егер біз осы мәселені тиімді шешудің нақты тетіктерін көрсетсек, елдегі азық-түлік нарығы тұрақты дамитын болады, халқымыз сапалы отандық өнімдермен қамтамасыз етілетін болады.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде авторлар отандық және жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі және Қазақстандағы қайта өңдеуші кәсіпорындардың негізгі проблемалары көрсетілген ғылыми ақпараттарды негізге алды. Сонымен қатар, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әзірлеген стратегиялық құжаттардағы ақпараттарды қолданды. Қазақстанның Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының дерекқорларын, әлем бойынша азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) бағдарламасын және статистикалық жинақтарын қолданды.

Авторлар бұл зерттеуді жазу барысында әртүрлі әдістерді қолданды. Оның ішінде жүйелі тәсіл Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың стратегиялық бағдарларын негіздеу үшін пайдаланылады. Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі жай-күйін сипаттау үшін статистикалық-экономикалық, талдамалық, салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды. Сонымен қатар, әлем елдерінің тәжірибесін елімізде жалпыластыру мен енгізуді ұсыну үшін монографиялық әдіс қолданылды, ал салыстырмалы талдау әдісі ауыл шаруашылығы

салаларының даму динамикасын анықтау кезінде және азық-түлік өнімдері түрлерімен тұтынушыларды қамтамасыз ету деңгейін анықтау кезінде пайдаланылды. Еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы және қайта өңдеуші кәсіпорындар бойынша проблемаларды анықтау барысында абстрактылы – логикалық әдіс қолданылды.

### Негізгі ережелер

Қазақстанның аграрлық секторы елдің ішкі және сыртқы нарықтарға қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етуде және оның көлемін кезең-кезеңмен ұлғайтуға мол мүмкіндік беретін табысты салалардың бірі [7]. Оның ішінде азық-түлік өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындарының жұмысын нығайту арқылы өңірлерге инвестициялар ағынын жандандырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстан үшін аса маңызды. Елімізде ауыл шаруашылығы саласындағы азық-түлік өнімдерінің шикізаттық әлеуетінің мол мүмкіндіктерінің болуына қарамастан, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ғылыми дәлелденген нормаларында көрсетілген өнімдердің кейбір түрлерін мүлдем тұтынбайды, ондай өнім түрлері елімізде мүлдем өндірілмейді және қайта өңделмейді.

Бұл зерттеудің әдістемелік негізі халықтың азық-түлік өнімдерін тұтыну дәрежесін мемлекет анықтаған орташа нормалармен салыстыру арқылы азық-түлік өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындардың ағымдағы жағдайын талдау, бағалау болды.

Мақалада қайта өңдеуші кәсіпорындардың қайта өңдеуге қажетті шикізат базасының ұсақ шаруашылықтардың қолында болуы, моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген технологиялық жабдықтар, ауыл шаруашылығы өнімдерін нарыққа жылжытудағы көптеген делдалдардың болуы, қайта өңдеуге жарамды ауыл шаруашылығының азық-түлік шикізаты жеткіліксіз көлемі секілді проблемалармен бетпе-бет кездесіп отырғаны айтылды. Осыған сәйкес, зерттеуде еліміздегі перспективалы ауылдық елді мекендерінде немесе аудан орталықтарында мамандандырылған қайта өңдеу зауыттарын құру, экспорттық әлеуетті ұлғайту үшін агрологистикалық, көтерме тарату орталықтары желісін құру, азық-түлік қауіпсіздігін нығайту мақсатында ауыл шаруашылық кооперативтерін құру жұмыстарының тетіктерін жетілдіру қажеттілігі көрсетілді.

### Әдебиетке шолу

Көптеген мемлекеттер азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қайта өңдеуші кәсіпорындардың өнімділігін арттыру мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізеді және дамыған елдердің жетістіктері мен әлемдік озық тәжірибелеріне сүйенеді.

Азық-түлік қауіпсіздігі термині ғылыми айналымға ХХ ғасырдың 70-ші жылдарының бірінші жартысында, 1972–1973 жылдардағы астық дағдарысынан кейінгі БҰҰ Халықаралық азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (ФАО) ұсыныстарынан алынған зерттеулерден кейін енгізілді [8, 9]. Халықаралық аренадағы тұрақсыз саяси жағдайда азық-түлік тапшылығы проблемалары кез-келген елде дағдарыс тудыруы мүмкін, бұл өз кезегінде экономиканың дамуына және халықтың жағдайына әсер етеді [10, 11] осыған байланысты мемлекеттің қызметі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталуы керек. Осыған байланысты Елдің импорттық жеткізілімдерге тәуелділігін барынша азайту, азық-түлік өндірісін дамытуды қамтамасыз ету мақсатында қайта өңдеуші кәсіпорындарды дамыту аса маңызды.

Азық-түлік қауіпсіздігін сақтау және өндіріс көлемін арттыру, халықтың әлеуметтік маңызы бар өнімдерді тұтыну дәрежесі мен оның қамтамасыз етілуі, еліміздегі қайта өңдеуші кәсіпорындардың қазіргі жағдайы туралы зерттелімдер көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде зерттеледі. Атап айтқанда: J. Gaffney, V. Martino, С.К. Байдыбекова, С.Б. Сауранбай, Д.Д. Ермекбаева, Ж. Каримова, Г.Ж. Азретбергенова, А.О. Сыздыкова, Б. Бимендеев, Г.С. Касенбаев, Т.И. Есполов, У.К. Керимова, С.К. Байдыбекова, С.Б. Сауранбай, Д.Д. Ермекбаева, Е.Қ. Қарашукеев.

Аталған авторлардың еңбектерінде қазіргі таңдағы азық-түлік өнімдерінің негізгі түрлерінің ішкі нарықты қамтамасыз ету жағдайы, жергілікті өндірістің халықты қамтамасыз ету көрсеткіштері қарастырылған [12]. Азық-түлік қауіпсіздігінің қол жеткізілген нәтижелеріне

карамастан, төтенше жағдайлар және COVID-19 пандемиясы, Ресей мен Украина арасындағы саяси қақтығыстар аясында азық-түлік бағасының одан әрі қымбаттауына алып келген факторларды көрсеткен. Көптеген мемлекеттерде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі екендігі айтылды [13]. Елімізде бүгінгі таңда халықтың азық-түлік өнімдерін тұтыну рационы екені көрсетілді [14].

### Нәтижелер мен талқылау

Қайта өңдеу кәсіпорындары шикізат тапшылығына байланысты өндірістік қуаттарды толық пайдалана алмайды. Атап айтқанда, 2020 ж. сүт өңдеуші кәсіпорындардың қуаттарын жүктеу деңгейі 66,6%, ет өндіру 16% [7]. Нәтижесінде кәсіпорындардың орташа шығындары өсуде, ішкі нарықтағы бағалардың тұрақсыздығы қалыптасуда (1-кесте).

2022 ж. аса қымбаттаған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бестігіне: құмшекер (65,5%), күріш (36,0%), рожкилер (34,8%), бірінші сортты бидай ұны (27,4%), тауық және жұмыртқа (24,6 %) жатады.

Кесте 1 – Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға индексі, % (әр жылдың соңында)

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының атауы	2016 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	Ауытқу (+;-) 2022/2016
Бірінші сортты бидай ұны	107,4	130,90	100,2	105,3	127,4	20
Бірінші сортты бидай ұнынан пісірілген нан	118,7	113,50	100	105,9	113,9	-4,8
Рожкилер	111,5	120,20	99,9	100,7	134,8	23,3
Күріш	102	128,00	100	90,4	136	34
Қарақұмық жармасы	145,4	180,50	100,6	117,4	123,8	-21,6
Күнбағыс майы		100,9	100,6	129,8	116,9	116,9
Тұздалмаған сары май		113,6	100,2	104,6	122,8	122,8
Сиыр еті – жауырын-төс бөлігі	105,7	116,30	100	106,8	110,1	4,4
Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	110,7	113,80	100,1	118,8	124,6	13,9
Пастерленген сүт 2,5%	107,3	105,60	100,3	107,1	122,9	15,6
Айран 2,5%	105,1	104,50	100	105,1	120,8	15,7
Сүзбе	107,4	100,40	100,2	104,1	116,9	9,5
Картоп	114,7	114	101,4	118,5	113,9	-0,8
Сәбіз	103,8	104,9	101,5	126,2	99,8	-4
Басты пияз	94,2	112,8	100,9	104,7	136,1	41,9
Ақ кауданды қырыққабат	93,5	105,4	101,2	135,1	85,7	-7,8
Құмшекер	116,2	77,3	100,1	114,9	165,5	49,3
Жұмыртқа, I санат	118,6	113,00	101,2	103,8	124,4	5,8
Тұз	115,6	100,8	100	101,2	119,5	3,9
Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары	112	110,40	100,4	109,9	122,7	10,7

Ескертпе: [6] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Азық-түлік түрлерінің тапшылығын болдырмау және азық-түлік бағасының жөнсіз қымбаттауының алдын-алу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік тұрақты қорларға форвардтық бағалармен сатып алу мәселесін пысықтау аса маңызды [15].

Елімізде азық-түлік өнімдері бойынша 100%-ға 12 түрлі өнім (қызылша, картоп, күріш, қияр, қарақұмық жармасы, қой еті, жұмыртқа, бидай ұны, нан, макарон, сүт, тұз) он бір өнім түрі бойынша 80%-ға, (олар қызанақ, қырыққабат, сәбіз, бұрыш, пияз, сиыр, жылқы және

шошқа еті, қышқыл сүт өнімдері, сары май және күнбағыс майлары), сонымен қатар 6 түрлі өнім бойынша басқа елдерден (құс еттері мен шұжық өнімдері, ірімшік және сүзбе, алма, қант, балық) импортталады [16]. Тәжірибе бойынша бірде-бір ел өзін-өзі азық-түлік өнімдерінің барлық түрлерімен қамтамасыз ете алмайды. Бірақ, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру және оның бағасын тұрақты ұстап тұру мемлекеттің стратегиялық мақсаттары болып табылады. Сол себепті, еліміздегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындардың өндірістік қуатын арттыру және оның әлеуетін нығайту өте маңызды деп есептейміз.

Қазақстандық ауыл шаруашылығы саласындағы негізгі салалары астық, сүт және ет өнімдері, жеміс-жидек және көкөніс, май-тоңмай өндіріс салалары болып табылады.

Астық саласы бойынша келесідей проблемаларды атап өтуге болады. Республикада элеваторлар мен астық қабылдау кәсіпорындарының, астық сақтау қоймаларының ірі желісі бар. Бірақ олардың бәсекелестік ерекшеліктері қайта өңдеуге қажетті астыққа жоғары сапаны талап етеді.

Соңғы үш жылда (2020–2022 жж.) шамамен 900 мың тоннаға жуық ұн қазақстандық ұн тартқыштарды экспорттай алмады. 2022 ж. 12 миллион тонна астық пайда әкелмеді. Бұл Қазақстан үшін үлкен шығын болып табылады. Қазіргі кезде Қазақстан ұн мен астық экспорты бойынша жетекші орынға ие болған кездер төмендеп отыр. Мұның себептері әртүрлі: экспорттық нарықтардың сыйымдылығының төмендеуі, мемлекеттен жеткіліксіз қолдау және көлік сымдары. 2022 ж. отандық фермерлер 22 миллион тоннадан астам астық жинап, соңғы 10 жылда рекордтық көрсеткішке ие болды. Қазақстанның экспорттық әлеуеті – 7 миллион тонна. Мұндай жоғары мүмкіндіктер жағдайында ұн өнімдерін қайта өңдеп, экспортқа дайын өнім түрінде ұсыну қажеттілігі айқын байқалады.

Сүт саласы бойынша қазіргі кезде республикада сүт өңдейтін 150-ден астам кәсіпорын бар. Олардың өндірістік қуаты – жылына 1980 мың тоннаны құрайды, олар 66,6%-ға жүктелген: 6051,4 мың тонна шикі сүт өндіру кезінде 1318,6 мың тонна шикізат қайта өңделеді. Сүт өңдеуші кәсіпорындардағы өндірістік қуатты толық пайдалана алмауының негізгі себебі: сапалы сүттің жеткіліксіздігі, сүт өнімдерін дайындау, бастапқы өңдеу, тасымалдау, сақтау және өткізу жүйесінің дамымауы.


Сүт өнімдері нарығындағы Қазақстандық дайын өнімдермен қамтамасыз ету дәрежесі бойынша: сұйық өңделген сүт (96,0%), сары май (89,8%), йогурттар, ашытылған сүт және кілегей (89,2%). Ірімшік пен сүзбе (57,0%), қоюландырылған сүт пен кілегей (26,8%) айтарлықтай төмен. Құрғақ сүт сегменті ғана толығымен импортталады (жергілікті өндірістің үлесі бар болғаны 1,8%).

Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы тағы бір басым бағыт – ет саласы. 2021 жылғы мәліметтерді негізге алатын болсақ, елімізде жалпы қуаты 524 мың тоннаны құрайтын 250-ден астам ет өңдеуші кәсіпорындары жұмыс істеді [17]. Статистикалық ақпараттарға сәйкес, 2021 ж. еліміздегі өңдеу өнеркәсіптерінде 339,0 мың тонна ет және ет тағамдары бойынша қосымша өнімдер өндірілген. 2022 ж. бұл көрсеткіш 349,7 мың тоннаны құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 3,2%, 2016 жылмен салыстырғанда 58,7% артты [6]. Егер біз еліміздегі ет өндіру көлемінің тұрақты өсімін ескеретін болсақ, онда ет өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындардың қуаттылығын арттырудың маңызды екенін анық байқауға болады. Осы қажеттіліктерге сәйкес, ауылдық территориялардың мамандану картасын ескере отырып, заманауи технологиямен жабдықталған ет өнімдерін өндіретін кәсіпорындарды салу, бар кәсіпорындардың қуаттылығын арттыру, ет өнімдерін қалдықсыз өндіру, ішкі және сыртқы нарықтарға тасымалдау, сақтау және өткізу, бастапқы және терең өңдеу жүйесін дамыту маңызды.

Ет өнімдерінің негізгі өндірушілері Алматы, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстары, (1-сурет, 29 б.).

Суреттен ет және ет тағамдары бойынша қосымша өнімдердің ең ірі өндірушілері Алматы (25,6%), Ақмола (23,9%) және Шығыс Қазақстан (10,4%) облыстары екенін көреміз. Сонымен қатар, ірі қара мал, шошқа, қой, ешкі, жылқы және жылқы тектес жануарлардың жас немесе тоңазытылған етін өндіруші ең ірі аймақтар Қостанай (15,8%), Ақтөбе (14,4%), Солтүстік-Қазақстан (13,0%) облыстары болып табылады.





Сурет 1 – Қазақстан өңірлері бойынша ет және тағамдық қосымша өнімдерін өндіру көлемі, тонна (2022 ж.\*)

Ескертпе: [6] авторлармен құрастырылған.

Келтірілген деректерді ескере отырып, ет өңдеу кәсіпорындарын әсіресе, осы аталған облыстарда құрудың қажеттілігі анық байқалады. Бұл еліміздің ет өндірісі саласы бойынша экспорттық әлеуетті арттырып, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз етудің тағы бір мүмкіндігін көрсетеді.

Азық-түлік өнімдерін өңдеуші кәсіпорындарды дамыту әлеуметтік маңызы бар тауарларды тұтыну деңгейі көрсеткішімен де тікелей байланысты. Себебі, бұл көрсеткіш қандай өнім түрін өндіруге басымдылық беру керек екендігін анықтауға негіз жасайды, (2-кесте).

Кесте 2 – Халықтың негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың жан басына шаққандағы орташа тиімді нормасы мен нақты тұтыну көлемі, кг

Тамақ өнімдерінің түрлері	2016 ж.	2018 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Тұтыну дың орташа нормасы	Норма көрсеткіштерінен ауытқу (+;-)	
						2016 ж.	2021 ж.
Нан өнімдері және жарма өнімдері	130,7	138,5	140,3	133,8	109	21,7	24,80
Ет және ет өнімдері	72,9	77,9	83,7	82,3	78,4	-5,5	3,90
Балық және теңіз өнімдері	10,9	13,2	15,1	14,8	15,8	-4,9	-1,00
Сүт және сүт өнімдері	235,5	261,3	259,4	243,2	301	-65,5	-57,80
Жұмыртқа (дана)	164,7	193,3	199,1	193,9	265	-100,3	-71,10
Май және майлы өнімдер	19,5	19,2	17,3	16,2	16,7	2,8	-0,50
Жемістер	61,4	74,9	78,7	76,8	132	-70,6	-55,20
Көкөністер (картопсыз)	89,3	94,1	86,4	80,6	149	-59,7	-68,40
Картоп	48,6	48,6	50,1	46,3	100	-51,4	-53,70
Кондитерлік өнімдер: қант, джем, бал, шоколад	40,7	46,3	43	44	33	7,7	11,00

Ескертпе: [3] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

2-кестеден көріп отырғанымыздай, орта есеппен жан басына шаққандағы халықтың негізгі тамақ өнімдерін тұтыну деңгейі 2021 ж. 2016 жылға қарағанда біршама жақсарған. Бұл мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту бағытында жүргізілген шараларының нәтижесін

көрсетеді. Атап айтқанда, жылына тамақ өнімдерін тұтынудың жан басына шаққандағы орташа тиімді нормасымен салыстырғандағы нақты тұтыну көлемі 2021 ж.: ет өнімдері бойынша 3,90 кг артық тұтынылды, бұл көрсеткіш 2016 ж. 4,9 кг жеткіліксіз тұтынылды. Сонымен қатар, қарастырылып отырған кезеңдер аралығында келесі өнім түрлерінің тұтыну деңгейі біршама артты, олар: балық және теңіз өнімдері (3,9 кг); сүт және сүт өнімдері (7,7 кг); жұмыртқа (29,2 дана); жемістер (15,4 кг). Нәтижесінде 2021 ж. 2016 жылмен салыстырғанда балық және теңіз өнімдері – 35,78%-ға, жемістер – 25,08%-ға, ет және ет өнімдері – 12,89%-ға, жұмыртқа – 17,73%-ға көбірек тұтынылды (2-сурет) [6]. Дегенмен, 2021 жылғы көрсеткіш бойынша халықтың кейбір өнім түрлерін тұтыну деңгейі әлі де болса нормативтік дәрежеге жетпейді [6, 17], олар: сүт және сүт өнімдері (57,8 кг); жұмыртқа (71 дана); жемістер (55,2 кг); көкөністер (68,4 кг); картоп (53,7 кг).



Сурет 2 – Халықтың негізгі тамақ өнімдерін тұтынуы бойынша динамикалық өзгерісі, % (2021 жылды 2016 жылмен салыстырғанда)

Ескертпе: [6] авторлармен құрастырылған

2-суреттен көріп отырғанымыздай халықтың негізгі тамақ өнімдерін тұтыну көрсеткіштері арасындағы динамикалық өзгерістерді ескеретін болсақ, 2021 ж. 2016 жылмен салыстырғанда көкөністерді (9,74%), май және майлы өнімдерді (16,92 %), картопты (4,73%) тұтыну деңгейі біршама азайған. Әлеуметтік тауарлар қатарындағы ет өнімдерінің бағасының қолжетімді болмауы, оған субститут тауар ретіндегі балық пен жұмыртқаға сұранысты арттырып отыр.

2022 жылдың қаңтар-қазан айларында тек қоюландырылмаған және қант немесе басқа тәттілендіретін заттар қосылмаған сүт пен кілегей өнімдері бойынша 21,393 мың тонна (2398,6 мың АҚШ доллары) өнім импортталған. Осы кезең аралығындағы экспорт көлемі 12,5 мың тоннаны (9441,0 мың АҚШ доллары) құрады. Аралық сальдо 8902,9 мың тонна немесе 14542,7 мың АҚШ доллары. Бұл ішкі нарықтағы сүт және сүт өнімдерінің жеткіліксіз деңгейін көрсетеді.

Республикада етті қайта өңдеу мен консервілеу және ет өнімдері өндірісінің көлемі шамамен 2020 ж. шамамен 300,0 млрд теңгені құрайды немесе 2015 жылмен салыстырғанда 2,0 есеге ұлғайды.

COVID-19 пандемиясына байланысты 2020 ж. импорттық өнімдердің бағасы шамадан тыс артты. Ауыл шаруашылығындағы өндірістік шығындар артты. Қазақстанда 2021 ж. әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасы 2020 жылға қарағанда 9,3%-ға өсті [18].

2022 жылдың 11 қаңтарында мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі мәлімдемесінде де еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін нығайту қажеттілігін баса айтылды. Онда елімізде азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейтінін айтып, Үкімет пен әкімдерге алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу мемлекеттік деңгейдегі негізгі басымдық екеніне айрықша назар аударды [19].

Демек, қайта өңдеу кәсіпорындарындағы нақты проблемаларды көрсету, оны тиімді шешудің тетіктерін ұсыну зерттеу тақырыбының негізгі нәтижесін көрсетеді.

Нәтижелер. Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласындағы азық-түлік өнімдерін қайта өңдеуді дамытуға кері әсер ететін бірнеше себептер бар екендігін көрсетіп отыр:

1. Өзара тығыз байланысты салалардың аумақтық орналасуы бойынша шашыраңқы болуы. Бұл жағдайлар республикадағы азық-түлікті өндіруге қажетті шикізат базасының мол мүмкіндіктерін тиімді ұйымдастыруға, халыққа қажетті азық-түліктің негізгі түрлерін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Ал қайта өңдеуші кәсіпорындарға бұлай шашыраңқы орналасқан ауылдардан шикізаттарды қабылдап алу, әсіресе шалғай аудандардан алу тиімді болмайды. Шикізатты өндіруші фермерлер үшін бар өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындарға тасымалдау, сақтау және өткізу инфрақұрылымының дамымауы ол өнімдерін делдалдарға тапсыруға итермелейді және көтерме-бөлшек сауда орындарына уақтылы жеткізуге мүмкіндік бермейді.

2. Қайта өңдеуге жарамды ауыл шаруашылығының азық-түлік шикізаты жеткілікті көлемде өндірілмейді, өнімді сатып алу, сақтау, бастапқы өңдеу, тасымалдау және өткізу салаларында оны өңдеушілер мен нарықтарға уақтылы жеткізуге қабілетті инфрақұрылым дамымаған.

3. Ауыл шаруашылығы өнімдерін нарыққа жылжытуда көптеген делдалдар өндірушіден тұтынушыға дейінгі аралықты қамтиды. Қайта өңдеу ауыл шаруашылығы өндірісінің ұсақ тауарлы сипатын тежейді. АӨК жалпы өнімінің көлеміндегі жеке үй шаруашылықтарының үлес салмағы жоғары. Олар өнеркәсіпті қайта өңдеуге сапасы төмен, кейбір жағдайда жарамсыз болып табылатын шикізаттарды ұсынады. Соған қарамастан, фермерлер зауыттар белгілеген төмен сатып алу бағасына қанағаттанбайды. Ал қайта өңдеушілер, өз кезегінде, жылу және электр энергиясына, суға тарифтердің көтерілуіне, технологиялық жабдықтардың қымбаттауына байланысты жоғары өндірістік шығындарға үнемі шағымданады.

4. Қайта өңдеу кәсіпорындарындағы моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген технологиялық жабдықтарға қойылған жоғары тарифтер, шикізаттың да, дайын өнімнің де сапасын бақылаудың ескірген жүйесі, сабақтас салалардың кәсіпорындары арасында келісілген, мүдделі қатынастардың болмауы да ауыл шаруашылығының әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік бермейді. Қазақстандық өндірушілер шетелдік өндірушілермен бәсекеге түсуге мәжбүр. Импорттық өнімдер көбінесе өңдеу және орау технологиясы есебінен басымдылыққа ие. Тіпті көрші мемлекеттердегі өндіріс арзан болуы мүмкін, бұл импорттық өнімнің өзіндік құнын төмендетуге әкеледі.

5. Еліміздегі сүт және ет салаларының дамуына кедергі келтіретін негізгі факторлар шикізат базасының ұсақ шаруашылықтардың қолында болуы және олардың әлсіз болуы. Ұсақ шаруашылық иелері мен фермерлік шаруашылықтардың өндірістік және қаржылық сауаттылығы төмен екені жасырын емес. Қазіргі кезде әсіресе, еліміздің Солтүстік өңірлерінде кооперативтерге бірігу кезіндегі шаруалардың бір-біріне деген сенімсіздігі, ауылшаруашылық кооперативтеріне бірігуге ынталандырмайды, Осыған байланысты өндірілген өнім сапасы төмен. Оның негізгі себептері: малдың нашар тұқымнан болуы, малға қажетті сапалы жемнің болмауы, тамақтану рационының сақталмауы, қолмен саууды қолдану т.б. Нәтижесінде қайта өңдеуші кәсіпорындарда шикізаттың жеткіліксіз мөлшері қалыптасып, өңделген өнімдердің сапасы төмендейді. Біз бұл шаралар елдегі қайта өңдеу кәсіпорындарының қызметін дамытуға айтарлықтай әсер етеді деп есептейміз.

## **Қорытынды**

Келтірілген мәселелер топтамасы азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін және қайта өңдеуші кәсіпорындарындағы проблемаларды зерттеуші мамандардың алдына бұл жағдайларды тиімді шешудің негізгі тетіктерін ұсынуды талап етеді. Елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету; ол кәсіпорындардағы өндірістік қуаттарды толық игеру; ескірген, өндірістік қорларды жаңартудың жоғары шығындары, өнімділігі төмен технологияларды инновациялық және цифрлық технологиялармен алмастыру; ұсақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің сауаттылығын арттыру арқылы оларды өндірістік кооперативтерге біріктіру, тұтынушыларды сапалы, қолжетімді бағадағы отандық



азық-түлікпен қамтамасыз етуге болады. Ол үшін келесідей шараларды жасаған дұрыс деп есептейміз:

Біріншіден, өңірлердің, ауылдық аймақтардың мамандану деңгейіне байланысты, территориялық орналасу картасын әзірлеу. Оның мамандану деңгейі бойынша аудан (перспективалы ауылдық елді мекен) орталықтарынан мамандандырылған қайта өңдеу зауыттарын құру аса маңызды. Маманданған кәсіпорындар өнім сапасын бақылауға, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушіден тұтынушыға дейін: өндіріс – сақтау – өңдеу – өткізу технологиялық тізбегі бойынша жылжытудың тиімді тетігі болып табылады. Бұл кәсіпорындар ірі көлемдегі өндіруші болғандықтан, тұтынушылар алдында өндірілген өнімнің сапасына және оның бағасына тікелей жауапты болады. Ондай кәсіпорындар санитарлық талаптарға сәйкес келетін өнімдерді өндіреді. Сондықтан олар әр қашан бәсекеге қабілетті бола отырып, экспорттық әлеуетті арттырады. Нәтижесінде, ішкі және сыртқы нарықты кеңейту мүмкіндіктері пайда болады.

Екіншіден, шағын кәсіпкерлер мен фермерлердің өндірген өнімдерін тұрақты өткізуді қамтамасыз ету және оны делдалсыз тұтынушыға дейін жылжыту мақсатында аудан немесе перспективалы ауылдық аумақтардағы қайта өңдеуші кәсіпорындардың жанынан, сервистік және агрологистикалық, көтерме тарату орталықтары желісін құру маңызды деп есептейміз. Ондай орталықтар шағын шаруашылық субъектілері мен фермерлік шаруашылықтарға (мал өсірушілерге), әсіресе кооперативтерге өнімді көтерме және бөлшек бағамен сатуға, өнімді тасымалдау шығындарын қысқартуға, азық-түлік өнімдерінің ірі партияларын жасауға, өнімдерді ішкі нарықта, сонымен қатар, экспортқа шығаруға мүмкіндіктер қалыптастырады.

Үшіншіден, ұсақ шаруашылық субъектілері мен фермерлік шаруашылықтардың өндірістік, қаржылық сауаттылығын арттыра отырып, ауыл шаруашылық кооперативтерін ұйымдастыру. Шаруашылықты ұйымдастырудың бұл нысаны кооператив мүшелері мен фермерлердің мүдделерін қорғауға, ауылшаруашылық өнімдерін сақтау, оны нарыққа жылжыту және өнімді алғашқы өңдеу мәселелерін шешудің тиімді құралы болып табылады. Сонымен қатар, бордақылау алаңдары мен мал сою цехтары, сүт қабылдау пункттері және басқа да осындай инфрақұрылымдық объектілер сүт, ет өндіру мен қайта өңдеу көлемін арттыруға, олардың сапасын бақылауға мүмкіндік береді.

**Мақала** «Агроөнеркәсіптік кешендегі кооперативтік процестерді дамытуға, ауылдық аумақтарды тұрақты дамытуға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың әсерін зерттеу» (№ BR10764919 ҒТБ) **бағдарламасы аясында орындалды.**

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Nurul-Atiqah B.M., Norlida M.S., Mohd F.A. The economic well-being of smallholders and challenges during COVID-19 pandemic // *Agricultural Economics – Czech*, 2022, no. 69(1), pp. 35–44. URL: <https://doi.org/10.17221/344/2022-AGRICECON>

2 Токаев К.К. Active approach to solving global problems // *Global Food Security Summi*. Выступление Главы государства. – 2022. URL: <https://www.akorda.kz/ru/prezident-kazahstana-prinyal-uchastie-v-globalnom-sammite-po-prodovolstvennoy-bezopasnosti-218855>

3 Food security and nutrition in the world. 2022. URL: <https://www.fao.org/3/cc0639en/cc0639en.pdf>

4 Yehui T., Ramon S. An analysis of factors affecting the profits of new firms in Spain: Evidence from the food industry // *Agricultural Economics – Czech*, 2022, no. 68(1), pp. 28–38. URL: <https://doi.org/10.17221/235/2021-AGRICECON>

5 Aggarwal N., Narayanan S. The impact of India's demonetization on domestic agricultural trade. January 2023. Vol. 105. P. 316–340. URL: <https://doi.org/10.1111/ajae.12317>

6 Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросының мәліметтері. – 2023. URL: <https://stat.gov.kz>.

7 Каримова Ж. Продовольственная безопасность в приоритете государства. – 2022. URL: <https://www.caravan.kz/news/prodovolstvennaya-bezopasnost-v-prioritete-gosudarstva-627347/>

8 Продовольственная и сельскохозяйственная организация ООН (ФАО): официальный сайт. URL: <http://www.fao.org>.

9 Horizon Europe. Programme 2023–2024. Food, Bioeconomy, Natural Resources, Agriculture and Environment. European Commission Decision. 2022. URL: <https://ec.europa.eu/info/funding-tenders/opportunities/docs/2021-2027/horizon/wp-call/2023-2024/>

- 10 Байдыбекова С.К., Сауранбай С.Б., Ермекбаева Д.Д. Аграрный сектор экономики как основа продовольственной безопасности страны // Вестник университета «Туран». – 2022. – № 4(96). – С. 11–25.
- 11 Gaffney J. et al. Building bridges between agribusiness innovation and smallholder farmers // Global food security. 2019. Vol. 20. P. 60–65.
- 12 Martino V. Five hot topics as US food industry enters 2023. Just Food. URL: <https://www.just-food.com/comment/five-hot-topics-as-us-food-industry-enters-2023/>
- 13 Leatitiah L.N., Denis M., Ivan M.M., Yusuf B.B. Food Safety Knowledge, Attitudes and Practices of Food Handlers along the Rice Value Chain of Uganda // Journal of Food Industry. 2022. Vol. 6. No. 1. P. 1–31. URL: <https://doi.org/10.5296/jfi.v6i1.19431>
- 14 Азретбергенова Г.Ж. Обеспечение продовольственной безопасности Республики Казахстан в условиях COVID-2019 // Г.Ж. Азретбергенова, А.О. Сыздыкова, Б. Бимендеев // Проблемы агрорынка. – 2021. – № 2. – С. 24.
- 15 Акимбекова Г.У. Спасти переработчика: как решить проблемы пищевой промышленности Казахстана. URL: <https://agroinfo.kz/spasti-pererabotchika-kak-reshit-problemy-pishhevoj-promyshlennosti-kazahstana/>
- 16 Касенбаев Г.С., Есполов Т.И., Керимова У.К. Государственное регулирование рынков сельскохозяйственной продукции, сырья и продовольствия в Республике Казахстан // Проблемы агрорынка. – 2021. – № 3. – С. 119.
- 17 Демченко М. Спасти переработчика / Казахстанская правда. 6 сентября 2021г. URL: <https://kazpravda.kz/n/pishcheprom-kz-naverstat-upushchenoe/>
- 18 Об утверждении научно обоснованных физиологических норм потребления продуктов питания. Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан от 9 декабря 2016 года № 503. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 13 января 2017 года № 14674. – 2022. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014674>.
- 19 Токаев К.К. Уроки «трагического января»: единство общества – гарантия независимости // Выступление Главы государства на заседании Мажилиса Парламента Республики Казахстан. URL: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kk-tokaeva-na-zasedanii-mazhilisa-parlamenta-respubliki-kazahstan-1104414>

## REFERENCES

- 1 Nurul-Atiqah B.M., Norlida M.S., Mohd F.A. (2022) The economic well-being of smallholders and challenges during COVID-19 pandemic // Agricultural Economics – Czech, no. 69(1), pp. 35–44. URL: <https://doi.org/10.17221/344/2022-AGRICECON/>. (In English).
- 2 Tokaev K.K. (2022) Active approach to solving global problems // Global Food Security Summi. Vystuplenie Glavy gosudarstva. URL: <https://www.akorda.kz/ru/prezident-kazahstana-prinyal-uchastie-v-globalnom-sammite-po-prodovolstvennoj-bezopasnosti-218855>. (In Russian).
- 3 Food security and nutrition in the world. 2022. URL: <https://www.fao.org/3/cc0639en/cc0639en.pdf>. (In English).
- 4 Yehui T., Ramon S. (2022) An analysis of factors affecting the profits of new firms in Spain: Evidence from the food industry // Agricultural Economics – Czech, no. 68(1), pp. 28–38. URL: <https://doi.org/10.17221/235/2021-AGRICECON/>. (In English).
- 5 Aggarwal N., Narayanan S. (2023) The impact of India’s demonetization on domestic agricultural trade. January. Vol. 105. P. 316–340. URL: <https://doi.org/10.1111/ajae.12317>. (In English).
- 6 Qazaqstan Respublikasynyñ Strategialyq josparlau jáne reformalar agenttigi. Ұлттық статистика бюросының мәліметтері. – 2023. URL: <https://stat.gov.kz>. (In Kazakh).
- 7 Karimova Zh. (2022) Prodovol'stvennaja bezopasnost' v prioritete gosudarstva. URL: <https://www.caravan.kz/news/prodovolstvennaya-bezopasnost-v-prioritete-gosudarstva-627347/>. (In Russian).
- 8 Prodovol'stvennaja i sel'skohozjajstvennaja organizacija OON (FAO): oficial'nyj sajt. URL: <http://www.fao.org>. (In Russian).
- 9 Horizon Europe. Programme 2023–2024. Food, Bioeconomy, Natural Resources, Agriculture and Environment. European Commission Decision. 2022. URL: <https://ec.europa.eu/info/funding-tenders/opportunities/docs/2021-2027/horizon/wp-call/2023-2024/>. (In English).
- 10 Bajdybekova S.K., Sauranbaj S.B., Ermekbaeva D.D. (2022) Agrarnyj sektor jekonomiki kak osnova prodovol'stvennoj bezopasnosti strany // Vestnik universiteta «Turan». No. 4(96). P. 11–25. (In Russian).
- 11 Gaffney J. et al. (2019) Building bridges between agribusiness innovation and smallholder farmers // Global food security. Vol. 20. P. 60–65. (In English).

12 Martino V. Five hot topics as US food industry enters 2023. Just Food. URL: <https://www.just-food.com/comment/five-hot-topics-as-us-food-industry-enters-2023/>. (In English).

13 Leatitia L.N., Denis M., Ivan M.M., Yusuf B.B. (2022) Food Safety Knowledge, Attitudes and Practices of Food Handlers along the Rice Value Chain of Uganda // Journal of Food Industry. Vol. 6. No. 1. P. 1–31. URL: <https://doi.org/10.5296/jfi.v6i1.19431>. (In English).

14 Azretbergenova G.Zh. (2021) Obespechenie prodovol'stvennoj bezopasnosti Respubliki Kazahstan v uslovijah COVID-2019 // G.Zh. Azretbergenova, A.O. Syzdykova, B. Bimendeev // Problemy agrorynka. No. 2. P. 24. (In Russian).

15 Akimbekova G.U. Spasti pererabotchika: kak reshit' problemy pishhevoj promyshlennosti Kazahstana. URL: <https://agroinfo.kz/spasti-pererabotchika-kak-reshit-problemy-pishhevoj-promyshlennosti-kazahstana/>. (In Russian).

16 Kasenbaev G.S., Espolov T.I., Kerimova U.K. (2021) Gosudarstvennoe regulirovanie rynkov sel'skohoz'jajstvennoj produkcii, syr'ja i prodovol'stvija v Respublike Kazahstan // Problemy agrorynka. No. 3. P. 119. (In Russian).

17 Demchenko M. Spasti pererabotchika / Kazhastanskaja paravda. 6 sentjabrja 2021g. URL: <https://kazpravda.kz/n/pishcheprom-kz-naverstat-upushchenoe/>. (In Russian).

18 Ob utverzhdenii nauchno obosnovannyh fiziologicheskikh norm potreblenija produktov pitaniya. Prikaz Ministra nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan ot 9 dekabrja 2016 goda No. 503. Zaregistririvan v Ministerstve justicii Respubliki Kazahstan 13 janvarja 2017 goda No. 14674. 2022 . URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014674>. (In Russian).

19 Tokaev K.K. Uroki «tragicheskogo janvarja»: edinstvo obshhestva – garantija nezavisimosti // Vystuplenie Glavy gosudarstva na zasedanii Mazhilisa Parlamenta Respubliki Kazahstan. URL: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kk-tokaeva-na-zasedanii-mazhilisa-parlamenta-respubliki-kazahstan-1104414>. (In Russian).

**О.А. АЛИПБЕКИ,<sup>1</sup>**

д.б.н., профессор.

e-mail: [oalipbeki@mail.ru](mailto:oalipbeki@mail.ru)

ORCID ID: 0000-0001-6205-0490

**Д. ЖЕНСХАН,<sup>\*1</sup>**

к.э.н., ассоциированный профессор.

\*e-mail: [azan\\_tanat@mail.ru](mailto:azan_tanat@mail.ru)

ORCID ID: 0000-0002-2863-2611

**Р.Т. ТУРЕКЕЛЬДИЕВА,<sup>2</sup>**

к.б.н., доцент.

e-mail: [rimm\\_1205@mail.ru](mailto:rimm_1205@mail.ru)

ORCID ID: 0000-0002-650-0005

**Т.Е. КАРБОЗОВ,<sup>1</sup>**

к.э.н., доцент.

e-mail: [Tolegen\\_1964@mail.ru](mailto:Tolegen_1964@mail.ru)

ORCID ID: 0000-0003-3089-9291

<sup>1</sup>Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина,

г. Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Тараз им. М.Х. Дулати региональный университет,

г. Тараз, Казахстан

## ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРЕДПРИЯТИЙ ПО ПЕРЕРАБОТКЕ ПИЩЕВЫХ ПРОДУКТОВ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

### Аннотация

Стабильность и безопасность продовольственной системы напрямую влияют на социально-экономические факторы, необходимые для выживания людей. Цель исследования – предложить основные механизмы ее развития и эффективной организации, проводя научные исследования актуальных проблем на предприятиях пищевой промышленности Казахстана. В целях анализа современного состояния развития перерабатывающих предприятий в стране применены методы статистико-экономического, аналитического, сравнительного анализа. В целях обобщения полученного результата использованы системный, монографический, конструк-

тивный подходы. В статье проведен анализ цен на социально значимые продовольственные товары Казахстана за 2016–2022 гг, по социально значимым видам продукции за 2016–2022 гг. Исследованы различия между объемом производства продукции на душу населения и нормой потребления продуктов питания на душу населения. Кроме того, рассмотрены возможные пути решения проблемы продовольственной безопасности страны на ближайшие годы. Для адекватного обеспечения населения социально значимыми видами продовольствия важно укреплять работу перерабатывающих предприятий при поддержке государства с учетом уровня специализации регионов. Данное предложение позволит решить одновременно несколько проблем в стране: уникальный инструмент в повышении качества продукции и формировании ценовой стабильности, увеличение доли отечественной продукции на внутреннем рынке, увеличение экспортного потенциала, создание стабильного источника дохода для сельского населения, эффективный способ сбыта продукции по выгодным ценам для фермеров и мелких хозяйств, эффективное использование науки и технологий для специалистов сельского хозяйства, высокая возможность связывания производства.

**Ключевые слова:** продовольственная безопасность, потребление, переработка, продукты питания, отечественная продукция, экспорт и импорт.

**O.A. ALIPBEKI,<sup>1</sup>**

d.b.s., professor.

e-mail: oalipbeki@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-6205-0490

**D. ZHENSHAN,\*<sup>1</sup>**

c.e.s., associate professor.

\*e-mail: azan\_tanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2863-2611

**R.T. TUREKELDIEVA,<sup>2</sup>**

c.b.s., associate professor.

e-mail: rimm\_1205@mail.ru

ORCID ID:0000-0002-650-0005

**T.E. KARBOZOV,<sup>1</sup>**

c.e.s., associate professor.

e-mail: Tolegen\_1964@mail.ru

ORCID ID:0000-0003-3089-9291

<sup>1</sup>S. Seifullin Kazakh Agro Technical University,  
Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>Taraz Regional University named after M.Kh. Dulaty,  
Taraz, Kazakhstan.

## MAIN PROBLEMS OF FOOD PROCESSING ENTERPRISES AND WAYS TO SOLVE THEM

### Abstract

The stability and security of the food system directly affects the socio-economic factors necessary for the survival of people. The purpose of the study is to provide the main mechanisms for its development and effective organization, conducting a scientific study of current problems in food processing enterprises of Kazakhstan. In order to analyze the current state of development of processing enterprises in the country applied the methods of statistical and economic, analytical, comparative analysis. To summarize the result obtained, systematic, monographic, and constructivist approaches were used. The article analyzes the prices of socially important food products in Kazakhstan for 2016–2022, by socially important types of products for 2016–2022. The differences between the volume of production per capita and the rate of food consumption per capita have been studied. In addition, possible ways of solving the problem of food security of the country in the coming years are considered. In order to adequately provide the population with socially important types of food, it is important to strengthen the work of processing enterprises with the support of the state, taking into account the level of specialization of the regions. This proposal will simultaneously solve several problems in the country: a unique tool in improving the quality of products and the formation of price stability, increasing the share of domestic products on the domestic market, increasing export potential, creating a stable source of income for the rural population, an effective way to market products at favorable prices for farmers and small farms, the effective use of science and technology for agricultural specialists, high possibility of linking production.

**Key words:** food security, consumption, processing, food, domestic products, export and import.